

R 710

Ceresit

Полиуретан желім

Жабындарды жоғары берік желімдеуге арналған екі компонентті полиуретан желім

ҚАСИЕТТЕРІ

- екі компонентті;
- желімдеудің жоғары беріктігін қамтамасыз етеді;
- суға- және аязға төзімді;
- жылытуы бар едендерде қолданыла алады;
- сыртқы және ішкі жұмыстарға жарамды;
- құрамында органикалық еріткіштер жоқ.

ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Ceresit R 710 полиуретан желімі ішкі және сыртқы жұмыстар кезінде каучук және ПВХ тақташаларды, керамиканы, фаянсты, металды, стиропорды, ағашты және т.б. материалдарды жоғары берік желімдеуге арналған. Желімді қосылыстар жоғары механикалық жүктемелер және тұрақты ылғалдылық жағдайларда (негіз жағынан ылғалдың әсер етуі болмаған кезде) пайдаланылуы мүмкін. R 710 өнеркәсіптік және спорттық едендерді салған кезде, оның ішінде сыртқы жұмыстар кезінде, сондай-ақ металл тіреу конструкциясын бекітуге арналған кабельдік арналары біріктірілген қуыс едендерді монтаждау кезінде қолданылады. Едендік жабындардың басқа түрлерін төсеу үшін Ceresit желімдерінің басқа маркаларын қолдану ұсынылады.

НЕГІЗДІ ДАЙЫНДАУ

Негіз ҚНЖЕ 2.03.13-88 және ҚНЖЕ 3.04.01-87 талаптарына сәйкес болуға тиіс.

Негіз жеткілікті берік, тегіс, жылтыр, түрлі ластанулардан және желімнің жабысқақтығын төмендететін заттардан (желімдерден, майлардан, шаңнан және т.б.) тазартылған болуға тиіс.

Негіздің ылғалдылығы:

- бетон негіздері үшін - 3% CM;
- цемент-құм тұтастырғыштар үшін - 2% CM;
- ангидрит тұтастырғыштар үшін - 0,5% CM аспауға тиіс.

Дерекі кедір-бұдыр беті бар негіздерді алдын ала нивелирлеу қоспасымен ажарлау немесе тегістеу қажет.

Негіздерді тегістеу үшін Ceresit CN 69 нивелирлеу қоспасын пайдалану ұсынылады. Тегістеуіш қабатты желімді пайдаланар алдында астарлау ұсынылмайды.

Сыртқы жұмыстар кезінде негізді СТ 17 эпоксид астарымен өңдеу арқылы негіз жағынан ылғалдың кіруіне жол бермеу қажет.

ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ

R 710 компоненттерінің екеуі де бір екі секциялы ыдыста жеткізіледі. Композицияны дайындау үшін қақпақты ашып жоғарғы секцияның түбін тесу қажет. Жоғарғы секцияның ішіндегісін (қатайтқыш немесе Б компоненті) толығымен, қалдықсыз төменгі секцияға құяды. Сосын жоғарғы секцияны алады және қатайтқышты төменгі секцияның ішіндегісімен (А компонентімен) кем дегенде 2 минут ішінде араластырады, түсі бойынша біртекті массаны алуды көздейді. Араластыруды миксердің немесе саптамасы бар бұрғының көмегімен



айналу жылдамдығы 400-800 айн/мин болған кезде жүргізеді. Желімді негізге тісті қалақшаның көмегімен жағады. Желімнің тұтыну уақыты +20°C кезінде дайындалған сәтінен бастап 20-25 минут құрайды. Желім дайындалғаннан кейін шамамен 5 сағат өткенде қатаяды. 8 сағаттан кейін ол толық механикалық жүктемеге шыдауға, ал 7 тәуліктен кейін - химиялық жүктемеге шыдауға қабілеті болады.

Теріс беті жылтыр қалыңдығы ≤ 2,5 мм поливинилхлорид (ПВХ) және каучук тақташаларды төсеген кезде А2 немесе А3 тісті қалақшаларды пайдаланады.

Қалыңдығы > 2,5 мм поливинилхлорид (ПВХ) және каучук тақташаларды төсеген кезде жабынның теріс бетінің құрылымына байланысты В1, В2, В3 немесе С1 тісті қалақшаларын пайдаланады. Жүктемелер жоғары болған жағдайларда пайдаланған жағдайда R 710 желімін желімдейтін беттердің екеуіне де жағу керек.

Төселгеннен кейін бірнеше сағат ішінде жабынды ауыр қысқыш ауақшамен домалатады.

Кабельдік арналары біріктірілген қуыс едендерді монтаждау кезінде R 710 желімін негіздің бүкіл бетіне жағады.

Жаңа жағылған желім еріткішпен жуылады. Қатқан көбікті тек механикалық түрде жоюға болады.

ҰСЫНЫСТАР

Жабындарды R 710 желімі көмегімен төсеуді ауа және негіздің температурасы +15 - +30°C болған кезде және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 75% аспаған кезде орындау керек. Жоғары берілген барлық ұсынымдар +20 °C температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 55% болған кезде тиімді. Басқа жағдайда желімнің қатаю уақыты өзгеру мүмкін.

Едендік жабындарды жылытылатын тұтастырғыштарға төсеу алдында жылыту кем дегенде 10 күн жұмыс істеуі тиіс. Желімді жағу және кебу кезеңінде негіздің температурасы +18°C деңгейінде ұсталуға тиіс. Температура осы деңгейде жабынды төсегеннен кейін кем дегенде 3 күн ішінде сақталуға тиіс.

Желімнің қатаю кезеңінде төселген жабынды тікелей күн сәулелерінен сақтандыру қажет.

Желімді балалар жетпейтін жерде сақтаңыз!

Желімнің теріге түсуінен аулақ болыңыз! Желімнің буларын деммен тартпаңыз!

Henkel

Качество для Профессионалов

Желімді нық жабылған ыдыста, жақсы желдетілетін орынжайда сақтаңыз.

Желімнің қалдықтарын кәріз жүйесіне ағызуга болмайды!

ЕСКЕРТУЛЕР

Материалды қолдану тәсілдері туралы жоғары берілген ақпараттан басқа, онымен жұмыс істеген кезде цемент материалдармен жұмыс істеу бойынша жалпы нұсқаулықтарды басшылыққа алу керек.

Едендердің жобалауын және құруын МДС 31-12.2007 «Хенкель Баутехник» фирмасының материалдары қолданылған тұрғын, қоғамдық және өндірістік ғимараттардың едендері» сәйкес орындау керек.

Дайындаушы материалмен жұмыс істеген кезде технологияны орындамау үшін, сондай-ақ осы техникалық сипаттамада қарастырылмаған мақсаттарда және шарттармен қолданылуы үшін жауапкершілік көтермейді.

Материалдың нақты қолдану дұрыстығына күмәндік болған кезде оны өз күшімен сынау керек немесе дайындаушыдан кеңес алу керек.

Жоғары берілген ақпарат, сондай-ақ жазбаша расталмаған ұсынымдар өндірушінің шартсыз жауапкершілігі үшін негіз бола алмайды.

Осы техникалық сипаттама пайда болған сәттен бастап барлық алдағы сипаттамалар жарамсыз болады.

Сақтау және тасымалдау

Қымтаулы қаптамада, құрғақ салқын жерде - дайындалған күннен 12 айдан асырмай сақтаңыз.

Желімді тасымалдауды және сақтау 0°C төмен емес температурада жүзеге асыру керек.

ҚАПТАМА

Ceresit R 710 желімі 10 кг екі секциялы металл ыдыстарда жеткізіледі.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Қасиеттері:	А комп.	Б комп.
Ceresit R 710 құрамы:	полиэфирлер	диизоцианат
Тығыздығы:	~ 1,45 кг/л	~ 1,2 кг/л
Түсі:	сұр	қоңыр
Физикалық күйі:	паста	сұйықтық
Компоненттердің арақатынасы:	4,5 масс.бөл.	1 масс.бөл.
Желімді алдын ала кептіру уақыты:	талап етілмейді	
Тұтыну уақыты:	20-25 минут	
Қатаю уақыты:	~ 5 сағат	
Толық механикалық жүктемені қабылдауға дайындық:	8 сағаттан кейін	
Толық химиялық жүктемені қабылдауға дайындық:	7 тәуліктен кейін	
Қабаттануға кедергі:	≥ 1,0 Н/мм	
Жылжыған кезде беріктік шегі:	≥ 0,3 Н/мм²	
Тасымалдау және сақтау температурасы:	-0-ден +50 °C дейін	
Қолдану температурасы:	+15-тен +30°C дейін	
Пайдалану температурасы:	-20-дан +80 °C-қа дейін	
Суға төзімділігі:	суға төзімді	
Жағу кезінде Ceresit R 710 шығыны: A2 немесе A3 қалақшасымен B1 қалақшасымен B2 қалақшасымен B3 қалақшасымен C1 қалақшасымен	~ 300 г/м² ~ 400 г/м² ~ 600 г/м² ~ 800 г/м² ~ 1200 г/м²	
кабельдік арналары біріктірілген қуыс едендерді монтаждау кезінде:	~ 700 г/м²	